



**Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университет
«Агробиология» факультеті
«Агрономия, селекция және биотехнология» кафедрасы**

«Өсімдік шаруашылығы» пәнінен дәріс сабағы

Дәріс №3

Күздік астық дақылдар. олардың маңызы және түрлері .

А.ш.ғ.к қауым.профессор Досжанова Айнур Серикбайқызы

Алматы, 2025

3-дәріс. Күздік астық дақылдар. олардың маңызы және түрлері .

Мақсаты: Студенттерді күздіктердің өсіп-дамуы ерекшеліктері, опат болу себептері және олармен күресу шаралары, күздік бидайдың өсіру технологиясы және өнімді жинау ерекшеліктерімен таныстыру

Міндеті: Күздік астық дақылдарын өсіп даму ерекшеліктерін үйрету

Түйінді сөздер: күздіктер, үсу, борсу, алғы дақыл, қар зеңі

Жоспары:

- 1. Күздік дақылдар түрлері, таралуы және өнімділігі**
- 2. Күздік дақылдардың күзде және көктемде өсу ерекшеліктері. Шынығу сатылары. Опат болу себептері және олармен күресу шаралары**
- 3. Күздік бидайдың биологиялық ерекшеліктері мен өсіру технологиясы**

Күздік астық дақылдары республика астық өндірісін арттыруда маңызды роль атқарады. Олар себілетін негізгі аудандарында өнімділіктері жаздықтарға қарағанда жоғары. Сондықтан күздіктердің қызқа төзімді, қысқа сабақты жығылмайтын сорттары әр гектардан орташа есеппен 80-90 ц өнім бере алады.

Астық дақылдарын күздіктер мен жаздықтарға бөлудің өндірістік маңызы бар. Еңбек күштері мен техника үнемді пайдаланылады. Күздіктер жаздықтарға қарағанда күздің және көктемнің ылғалын тиімді пайдаланады. Күздік астық дақылдар республиканың оңтүстік және батыс өңірлерінде өсіріледі.

Жалпы егіс көлемі 1млн.гақұрайды, ал күздік бидай 2006жылы 0,8млн.га себілді. Күздіктердің орташа өнімділігі 12-14ц /га.

Күздік дақылдардың өсіп-жетілуі екі кезеңде жүреді. Біріншісі күзде себілгеннен соң тұрақты суық түскенге дейін, ал екіншісі келесі жылдың көктемінде басталып өнімді жинағанға дейін жүреді.

Температура төмендегеннен соң және күн сәулесінің қысқаруы күздіктердің жер беті органдарының өсуінің тоқтауына әкеліп соғады, өсімдіктің түптену түйінінде және жапырағында қосымша пластикалық заттар жиналады. Өсімдік өзінің өсуін тоқтатып, тыныштық күйге түседі, осы жағдайды қысты өткізеді. Күздіктердің төменгі температураға шыдауы оның эволюциялық процесінде берілген.

Оның бірінші сатысы үнемі жарықта және төменгі температурада 8-10 0С күндіз, 00 С түнде жүреді. Егер күздіктер шынығудың бірінші сатысынан өтсе, онда олар 10-120 С суыққа шыдауы. Шынығудың екінші сатысы негізгі саты болып есептеледі.

Шынығудың дұрыс жүруі үшін 20-24 күн қажет. Шынығудың екі сатысынан өткен күздік бидай 18-20 0 С аязға шыдайды.

Күздіктердің қыстың қолайсыз жағдайларынан опат болуы және оны болдырмау шаралары, себептері:

А) Ұсу-төменгі температура әсерінен клетка аралығында қалған судың мұз түйіршігіне айналуы

Б) Бөрсу немесе иістену-топырақ суылмай қардың кенеттен жаууы, өсімдіктің жинаған пластикалық заттарының таусылуына әкеліп соғады (көміртегін демалуға жұмсап, қараңғы жерде орнын толтыра алмайды).

В) Күздіктердің суға тұншығуы-негізінен сайлы жерлерде судың көп мерзімде тұруынан болады. Судың әсерінен өсімдік тканінде анаэробтық процестер үдеп, содан өсімдік уланып өледі. Оны болдырмау үшін ашық дренаж жасау керек.

Г) Егістіктің дүмпуі-өсімдіктің түптену түтінін топырақтың бетіне шығарып тастауы, сол кезде оның тамыры үзіліп, топырақ бетіне шығып қалады. Оған басты себеп, топырақтың отыруы. Дүмпуді болдырмау үшін түптену түйінін тереңге салатын сорттарды пайдалану, жерді мерзімінде жырту және т.б.

Д) Қар зеңін-паразит саңырауқұлақтар шақырады. Қардың астынан шыққан күздіктердің жапырағында ақшыл немесе қызғылт қатпар пайда болады. Әсіресе, қар зеңі борси бастаған өсімдікте көптеп болады және әлсіреген өсімдіктерде кездеседі. Болдырмаудың жолы: себілетін тұқымды ауруларға қарсы дәрілеу.

Күздік бидай тұқымы 3-4⁰С жылылықта өсе бастайды. Тұқым себілгеннен кейін 5-9 күннен соң көктеп шығады, көктегеннен соң 10-15 күннен кейін түптенеді де көктемде аяқталады. Дақылдың өсіп жетілуі 20-22⁰С жылылықта жүреді. Ылғалды ең көп қажет ететін мезгілі, түптену-түтіктену сатылары. Осы кезеңдерде өсімдіктің генеративтік органдары қалыптаса бастайды. Осы кезеңдегі ылғалдылық шешуші роль атқарады.

Жарықты вегетациясының барлық сатыларында қажет етеді. Күздік бидай топырақ таңдайды. Топырақ реакциясы РН 6,3-7,6 аралығында болса жақсы өседі. Жоғары өнімді ылғалы мол құнарлы топырақты жерлерде береді.

Аудандастырылған сорттары. Көпшілігі жергілікті селекция сорттары: Богарная 56, Қарлығаш, Жетісу, Стекловидная 24, Алмалы және Красноводопадская -210.

Алғы дақыл. Күздік бидайды пардан кейін көпжылдық шөптерден, дәндібұршақ тұқымдас дақылдардан соң ету керек.

Топырақ өңдеу жүйесі. Алғы дақылдар жинап алғаннан кейін, танап сыдыра жыртылып, содан соң 20-22см аударып жыртылады. Тұқым себер алдында топырақ культивацияланады.

Тыңайтқыштар қолдану. Органикалық және минералды тыңайтқыштар беру. Органикалық тыңайтқыш (көң) жерді негізгі жырту алдында 10-15 т/га береді. Минералды тыңайтқыштар: азот 30-45 кг/га, фосфор 40-60 кг/га, калий 30-40 кг/га әсерлі затпен беріледі.

Тұқымды себуге әзірлеу және себу. Тұқымды себерден бұрын күн шуағына қыздырады. Міндетті түрде ауруларға қарсы дәріленеді (витовакс 2-3 кг/т тұқымға).

Себу мерзімі. Тұрақты суық түскенге дейін 50-60 күн бұрын. Қазақстанның оңтүстік-шығысында қыркүйек айының екінші жартысында себу керек.

Себу тәсілі. Жайқатармен (15см), тар қатармен (7,5см), тоғыспалы әдіспен. СЗП-3,6, СЗТ-3,6 және СЗС-2,1 сепкіштерімен.

Себу мөлшері. Тәлімі жерлерде 4,0-4,5 млн.дана өңгіш тұқым, ал суырмалы жерлерде 5,0-5,5 млн.дана 1 гектарға себіледі.

Себу тереңдігі. Топырақтың механикалық құрамына байланысты 4-6см тереңдікке сіңіреді.

Күтіп-баптау шаралары. Топырақты нығыздау, ерте көктемде тырмалау, азот тыңайтқышымен үстеп қоректендіру, арамшөптермен химиялық жолмен күресу (гербицид шашу), суғару вегетация кезеңінде 2-3 рет жүйектеп немесе жаңбырлатып суару.

Өнімді жинау. Күздік бидай дәні толық піскен кезінде астық комбайндарымен бір сатылы әдіспен орып бастырады.

Пысықтау сұрақтары:

1. Астық дақылдар формалары.
2. Күздік дақылдар өсетін аудандар және барлық егіс көлемі
3. Күздіктердің опат болу себептері және оны болдырмау жолдары
4. Күздіктердің шынығу сатылары
5. Күздік бидай талаптарын күтіп-баптау шаралары.

Әдебиеттер :

Негізгі :

1. Қ.Қ.Әрінов «Өсімдік шаруашылығы» Ақмола, 1996, 31-38 б.
2. Қ.Қ.Әрінов және т.б. «Өсімдік шаруашылығы» Алматы, 2011

Қосымша :

2. М. Ерлепесов және т.б. «Суармалы егіншілік», Алматы, 1968, 51-87 б.